

характеристикам, но объединенными признаком опасности для окружающей среды или здоровья людей объектами. Также опасные вещества фигурируют в качестве средств и орудий совершения преступного или административно наказуемого деяния. Таким образом, необходимо изменить статью 278 УК РК положением о введении ответственности за нарушение правил обращения с отходами.

1. Экологический кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года № 212-III ЗРК. - Алматы: Юрист, 2008. - 172 с.
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.06.2010 г.) // ИС «Параграф».
3. Дубовик О.Л. Экологическое право: учебник - 3-е изд., перераб. и доп.-М.: Проспект, 2010.-720 с.
4. Сборник международных конвенций в области охраны окружающей среды / Под ред. С. Кравченко. – Львов, 1999. – 303 с.

\*\*\*

In this article the author examines the legal liability for the infringement of chemical safety, more or less disclosed in the Environmental Code, which represents a substantial role in establishing the limits of liability and evidence that a specific environmental crimes.

*Ж.Д. Ергозова*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ РАДИАЦИАЛЫҚ ЛАСТАНУДАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі кезеңде адам мен оны қоршаған ортаның қарым-қатынасы күрделене түскені мәлім. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен өндіргіш күштердің күрт дамуы адамның табиғатқа ықпалын күшейтті. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап адам мен табиғат арасында жаңа жағдай қалыптасты.

Осыдан отыз-қырық жылдай бұрын «экология» сөзін негізінен мамандар, ғалымдар ғана қолданатын. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында экология мәселелері бүкіл жаһан көлемінде күн тәртібіне қойыла бастады. Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің өмірінде экологияға қатысты көкейкесті мынадай мәселелерді ашып көрсету қажет. Адамзат қажетіне шикізатқа сұраныс материалдық өндірістің көлемін арттырды, жер қойнауы мен мұхит байлығы жедел игеріле бастады. «Табиғатқа бағынбаймыз, оны өз игілігімізге айналдырып, бермесін тартып аламыз» деген көзқарас қалыптасты. Мұның барлығының жер бетіндегі тіршілікке тигізетін әсері табиғаттың өзіне тән құбылыстардан – табиғи өзгеріс пен жедел су тасқыны, жер сілкінісі әсерінен әлдеқайда асып түсті. Жер бетіндегі экологиялық жағдайдың өзгеруі, әсіресе, ғылыми-техникалық өрлеумен тікелей байланысты.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін әлем елдерінің көбі өз өнеркәсібін дамыту жолына түсті. Егер соғысқа дейін дамыған ел қатары оннан аспайтын болса, соғыс аяқталысымен индустриаландыру науқаны жаппай етек алды. Өнеркәсіптің дамуы жер қойнауындағы қазбаларды игеруді ұлғайтты. Өз кезегінде бұл ауаның ластануын күшейтті. Екіншіден, бұл жылдарда дүние жүзіндегі демографиялық жағдай да үлкен өзгеріске ұшырады. Жер шары бойынша халық саны тез өсіп кетті. Халықтың жылдам өсуі табиғатқа деген «тұтыну қысымын» өсіреді [1].

Табиғат компоненттері өзара үйлесіммен құралған. Оның даму жолының өзіндік заңдылығы бар. Қазіргі экологиялық дағдарыстың түпкі себебі осы заңдылықты білмеуде, оған жөнсіз араласуда жатыр. Осыдан табиғаттың зат және энергия алмасу жүйесі бұзылады. Сондықтан әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстары негізімен аздап болса да таныс болуы керек.

Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекше маңызға ие болып отыр. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі және көптеген елдердің индустриалды дамуы табиғи ресурстарды пайдалануды еселеп арттырып, адамның табиғатқа әсерінің көлемін өсіре түсуде.

Қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ осылардың өзара әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы.

Қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ластағыш заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға ықпалы [2].

Қоршаған ортаны ластанудан қорғау – ең алдымен, адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз ету, табиғи ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Экология саласындағы құқықтық нигилизм мемлекетіміздің бірыңғай құқықтық кеңістігін бұзады

және ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында экологиялық қауіпсіздік проблемаларын жаһандық, ұлттық және жергілікті ретінде шешудің маңыздылығы мен деңгейіне байланысты қаралады делінген [3].

Экологиялық сауатсыздықты жою - Үкіметіміздің халық арасында жүргізетін негізгі бір жұмысына айналуға тиіс. Бұл салада таза ештеңе істемей отыр деу әділетсіздік болар еді. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» даму стратегиясында халыққа экологиялық білім беру мәселесіне айрықша назар аударылған. Экологиялық білім жүйесінің үлкен бір саласы- жалпы халыққа білім мен тәрбие беру. Біздің халқымыз табиғатты күтуге оның байлықтарын тиімді пайдалануға үйренбеген.

Кез-келген жерде орман ағашын шауып ала береді, тіпті ағаш шапқан жерді де тазаламай орнын қоқысқа айналдырып кетеді. От жақса оны сөндірмейді. Осының бәрі табиғатты аяламаушылықтың әсері. Сондықтан табиғатты аялап, таза ұстауымыз керек [4].

Қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі радиациялық ластану болып қалып отыр. Қазақстан аумағында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалды. Олар еліміздің аумағының біраз бөлігінің радиациялық ластануына әкелді. Қазақстан аумағында радиациялық ластану көздеріне мыналар жатады: Семей ядролық полигонында жасалған жарылыстардың салдары, радиоактивті материалдарды пайдаланатын атомдық өнеркәсіп орындары, ғаламдық жауындар, халық шаруашылық мәселелерін шешу мақсатында жасалған жер асты ядролық жарылыстар, табиғи радиоактивтілік, радиоактивті қалдықтар.

1949-1996 жылдар аралығында Қазақстан жерінде 500-ге жуық ядролық сынақ жарылыстары жасалды. Ол 20 млн. га жердің тоз-тозын шығарып, тіршіліксіз экожүйеге айналдырды. Одан миллиондаған адам тұратын елді мекендер әлі зардап шегіп отыр. Қазақстанда қазіргі кезде 16 млн.т. қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша, Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам мутагенез ауруына шалдыққаны анықталған [5].

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғаудың құқықтық реттелу мәселесін жан-жақты зерттеп, қазіргі кездегі еліміздегі қоршаған ортаның жалпы жағдайына талдау жасау және экологиялық қауіпсіздіктің мәселелерін қарастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны радиациялық ластануды мемлекеттік реттеу - ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен ережелерді әзірлеу, бекіту және күшіне енгізу, атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлерін лицензиялау, қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметі. Радиациялық қауіпсіздік - қызметкерлерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді белгілеген нормаларға сәйкес шектейтін шаралар кешенімен қамтамасыз етілген радиациялық жағдайдың жай-күйі [6].

Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтандыру, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің экологиялық білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасы қолдап отырған экологиялық білім беру ісін жүйелі түрде іске асыру қажет. Барлық оқу орындары жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беруді жоғары деңгейге көтеру парыз. Қазіргі уақытта Қазақстанда экология жағынан «таза» облыс жоқ. Экологиялық картаны алып қарасақ, кең-байтақ Қазақстанның барлық облыстары, барлық өңірлері түрлі зиянды, залалды заттармен былғанған. Яғни, республика бойынша экологиялық «таза» облыс жоқтың қасы. Мәселен, орталық өңірді қарайық - Арқа жерінде - сынап, Теміртауда – карбид, Павлодарда - химия зауыты, Ақмола, Павлодар облыстарында уран өндірісінің үйінділері сақтаулы. Республиканың батыс аймағындағы Атырау облысында күкірт үйінділері мөлшерден тым артық. Өңірде аумағы 5 мың гектар алапта жатқан қарамайлы жерлер батыстың барлық облысын қамтыған. Маңғыстау облысында радиациялық қалдықтар болса, Ақтөбе облысындағы ең қауіпті мәселе - хром. Қазақстанның оңтүстігінде 1 млрд. 1 млн. тоннадан астам өте қауіпті болып табылатын фосфор қалдықтары жинақталған. Шығыста ластанған шахта суларының өзендерге құйылуы үлкен экологиялық проблема тудырып отыр. Бұдан басқа, аймақта өнеркәсіп ошақтарының күлге айналған үйінділері алаңдатарлық мәселе болып табылады. Бұрыннан келе жатқан әскери полигондар, оның ішінде бірінші кезекте Семей полигоны, Азғыр полигоны мен Байқоңырдың қоршаған ортаға жағымсыз әсері зор екендігі белгілі.

Республика бойынша 6 мың 325 елді мекенде коммуналдық қалдықтардың 4 мың 525 полигоны бар болса, бұның тек 7 пайызы ғана заңдастырылған. Ал жиналған қалдықтардың тек 2 пайызы ғана кәдеге жаратылса, басқалары ашық-шашық күйінде жатыр, ауаға таралуда. Елімізде коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару қызметімен елді мекендердің тек 25 пайызы қамтамасыз етілген [3].

Радиоактивті ластану Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне елеулі нақтылы қатер төндіреді, олардың көздері мынадай негізгі төрт топқа бөлінеді: 1) жұмыс істемей тұрған уран өндіруші және уран өңдеуші кәсіпорындардың қалдықтары (уран кен орындардың үйінділері, өздігінен төгілетін ұңғымалар, қалдық қоймалары, технологиялық желілердің бөлшектелген жабдығы); 2) ядролық қаруды сынау нәтижесінде ластанған аумақтар; 3) мұнай өндіру өнеркәсібі мен мұнай жабдығының қалдықтары; 4) ядролық реакторлардың жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болған қалдықтар мен радиоизотоптық өнім (иондаушы сәулеленудің пайдаланудан шыққан көздері).

Қазақстанда табиғи радиоактивтіліктің жоғары деңгейін беретін уран беруші алты ірі геологиялық өңір, көптеген шағын кен орындары мен уран байқалатын кеніштер, уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыстар жасалған жерлерде шоғырланған қалдықтар бар. Қазақстан аумағының 30%-інде адам денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретін табиғи радиоактивті газ - радонның жоғары бөлінуінің ықтимал мүмкіндігі орын алған. Радионуклидтермен ластанған суды ауыз су мен шаруашылық мұқтаждықтар үшін пайдалану қауіпті болып табылады[7]. Қазақстанның кәсіпорындарында иондаушы сәулелердің пайдаланудан қалған 50 мыңнан астам көздері бар және радиациялық зерттеу барысында 16-сы адам үшін аса қауіпті болған 700-ден астам бақылаусыз көздер анықталып, жойылды. Сонымен қорыта келе, халықтың радиоактивті улануын және қоршаған ортаның ластану қаупінің алдын алу үшін:

- радиоактивті ластану көздерін түгендеу жөніндегі жұмысты аяқтау және 2015 жылға дейін табиғи радиоактивтіліктің халықтың денсаулығына теріс әсерін зерттеуді қамтитын бағдарлама әзірлеу, сондай-ақ құрылысқа арналған алаңдарды таңдау мен табиғи құрылыс материалдарын пайдалану кезінде шектеу шараларын қабылдау;

- ауыз судың табиғи көздерінің радиоактивті ластануына бақылау жүргізу және Мұнай ұңғымалары мен өздігінен төгілетін және өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау бағдарламасының шеңберінде радионуклидтердің жоғары құрамы бар гидрогеологиялық ұңғымаларды жою;

- жоғары радиациялық сәуле алу қаупі туралы халықты уақытылы хабардар ету жөнінде шаралар әзірлеу;

2015 жылға қарай Уран өндіру өнеркәсібінің радиоактивті үйінділерін түгендеу және олардың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсерін айқындау жөніндегі жұмысты аяқтау қажет.

Қорытындылай отырып, қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау дегеніміз – адамға қолайлы қоршаған ортаның болуын қамтамасыз етуге, және оны сақтауға, табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылы мен тепе-теңдігін сақтауға, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға байланысты қоршаған ортадағы радиациялық әсерді халықаралық деңгейдегі нормаларға сәйкес сақтауға бағытталған құқықтық нормалар жиынтығынан тұратын шаралар жүйесі болып табылады.

Аталған мәселенің кешенді шешілуі радиоактивті қалдықтарды ұқсату мен көму жөнінде мамандандырылған ұйым құруды көздеуі тиіс. Аталған іс-шараларды жүргізудің нәтижесі халықтың сәуле алуы мен қоршаған ортаның радиоактивтік ластануын төмендету болмақ.

1. Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т. Экология оқулығы. – Алматы: - Экономика. - 2002. – 87 б.

2. Қазақстан Республикасы. 9 қаңтар 2007 жылғы Экологиялық кодексі // ҚР Парламентінің жаршысы. – 2007. - №1.

3. Қазақстан Республикасының №1241 3 желтоқсан, 2003. 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы // ПҰАЖ. -2003. - № 47.

4. Назарбаев Н. Қазақстанның ядролық тарихындағы соңғы нүкте // Егеменді Қазақстан. - 2007. - 27 мамыр.

5. Бейсенова А. География-Экология-Қоршаған орта // Егеменді Қазақстан. - 2009. - 19 қазан.

6. Қазақстан Республикасы. Атом энергиясын пайдалану туралы 14 сәуір 1997жылғы заң // ҚР Парламентінің жаршысы. – 1997. - №7.

7. Шемшученко Ю.С. Охрана окружающей среды в городах. – Киев., 1981. - 132 б.

\*\*\*

In given article the author considers problems of radiating environmental contamination and gives ways of their decision.

\*\*\*

In данной статье автор изучил проблемы радиационного загрязнения окружающей среды в Казахстане и предлагает пути их решения.